

"Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 84 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 қазанда N 1262 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 (V032591) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының 10-бабы екінші азатжолының, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 33-бабы 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - "Ұлттық комиссия" деп аталады) туралы ереженің 4-тармағы 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия қаулы етеді:

1. "Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда 263 нөмірмен тіркелген Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы ережеге (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1997 ж., 92-100-беттер):

1) 4-тармақ алып тасталсын;

2) 11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Облигацияның атаулы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен де және шетелдік валютамен де белгілене алады және бір эмиссияның барлық облигациялары үшін бірыңғай болу керек.";

3) 12-тармақ алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 21-1 тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Осы Ереженің 21-тармағының күші жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген облигациялардың жаңа шығарылымдарына (ипотекалық облигацияларға) қолданылмайды."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) мемлекеттік емес облигациялар эмитенттерінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) мемлекеттік емес облигациялар шығаруға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері